

**«Алмажан+» балабақшасының
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының**

§2 хаттамасы

Өткізілген мерзімі: 21.08.2026 жыл

Қатысқандар: өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері

Барлығы: 17 педагог

Комиссия төрайымы: А.Н.Мухамбетжанова – меңгеруші

Комиссия мүшелері: С.Х.Сисенгалиева - әдіскер

Ж.Маратқызы - есепші

А.К.Байешова - тәрбиеші

М.Т.Нариманова - тәрбиеші

Хатшы: А.Н.Маренова – қазақ тілі пәні мұғалімі

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау. *(Жауапты: өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы Мухамбетжанова А.Н.)*

I. Тыңдалды:

А.Н.Мухамбетжанова *(өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші):*

Өзін-өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен білім беру әрекетін ұйымдастыру бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады:

- білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 09 қыркүйегіндегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту жоспарлары;

- Іс-әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар

педагогтардың құжаттары;

- Тәрбиеленушілердің даму мониторингі және нәтижелері; педагогтардың перспективалық жұмыс жоспары; апталық оқу жүктемесі.

Комиссия мүшелері 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрайымы А.Н.Мухамбетжанова өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «өте жақсы» деген баға қойылды.

II. Сөз сөйлегендер:

А.К.Байешова (тәрбиеші): Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу-оқытуда МЖМБС талаптары толық сақталған деп есептеймін. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігін көрдік, бағаладық.

М.Т.Нариманова (тәрбиеші): Өзін-өзі бағалау материалдарын сараптай келе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда бірізділік пен жүйелілік сақталғандығын айтуға болады.

III. Шешім:

1. «Алмажан+» балабақшасының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалауы МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Мухамбетжанова
Маренова

А.Н.Мухамбетжанова

А.Н.Маренова